

"Омонимдер"



Сабақтың мақсаты:

БІЛІМДІЛІК:

- Оқушыларды сөз мағынасына мән беруге, сөздерді лексикалық жолмен талдай білуге үйрету;

ТӘРБИЕЛІК:

- Туған тіл әрбір елдің мақтанышы екенін ұғындырып, келтірілген мысалдар арқылы елін, жерін, туған тілін сүйе білуге тәрбиелеу;

ДАМУШЫЛЫҚ:

- Ойлау, пайымдау қабілеттерін дамыту;
Сөйлеу шеберлігіне, ой ұшқырлығына баулу;

Сабақтың түрі : аралас сабақ

Сабақтың әдіс-тәсілдері : сұрақ – жауап, топпен жұмыс, тілдік талдау, топтастыру, ізденушілік, зерттеушілік іс - әрекеттері, ой қозғау стратегиясы,



Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі
2. Үй тапсырмасын тексеру
3. Жаңа материалды игерту
4. Деңгейлік тапсырмалар
5. Үйге тапсырма беру
6. Сабақты қорытындылау
7. Бағалау



Ұйымдастыру кезеңі

Үй тапсырмасын тексеру

Культурно-этнические традиции
национального самосознания
и патриотизма

1. Көп мағыналы дегенге қалай түсінесің?
2. Көп мағыналы сөздер дегеніміз не?
3. Көп мағыналы сөздер қалай жасалады?
4. 60, 61 – жаттығуларды тексеріп шығу.

Көп мағынаға ие болды сөзіміз,
Мысалдармен жетті оған көзіміз.
Сөз сырына саяхаттап жүрейік,
Биіктерге шығу үшін өзіміз.



Жаңа сабақ: "Омонимдер"

Сабақтың эпиграфы:

Құдіретті жасай бер, анам тілі,
Өзің барда ғажап – ақ ғалам
күллі.

Шабыт құйып, сән беріп сендік
қуат

Жол көрсетіп, әрлейді әрбір
күнді.



1. Құрманғазы бір күйден соң бір күйді төгілтіп отыр.

2. Күйдің құдіретіне сиқырланған ел – жұрт жым – жырт болып, тамаша күйге бөленді.

3. - Қоя берші қолымды, қоя бер, қолым күйді

4. Құрманғазы жас қыздан мұны күтпеген еді.

5. Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді.

6. Боздаған ботасына зар илеген,
Екі көз жасты өзендей сорғалатып.



Сынныпта

Деңгейлік тапсырмалар

1 - тапсырма:

1 - қатар: “айт” сөзіне

2 - қатар: “ен” сөзіне

3 – қатар: “бөле” сөзіне омоним болатын
бірнеше сөйлем құраңдар.

2 - тапсырма:

1 - қатар: “ақ”

2 - қатар: “қара”


3 - қатар: “жер” сөздерінің
омонимдерін табу.

3 - тапсырма:

Мынадай үлгіде әзіл өлең құрастырып, өлең шумақтарында міндетті түрде омоним сөздер болу керек.


Мысалы: Бүгін кеште ауылда,
Қызықты бір кеш болды.
Аяғымен су кешіп,
Айыбымды кеш деді.

Жасырынған сөздерді табу



Ақыл

... ұзын, ақылы қысқа.



Арман құстарға жем



Арсен ... тыңғылықты дайындалды.



**Оқушылар мұғалімдерімен бірге гүлдің
...
мен тамырын микроскоппен қарады.**



Айгүл тәтті ұйқыда жатып, ... көрді.



Төрт ат таласа – тармаса Көкөзекке қатар ...

.



Өз ... - өлең төсегім.



Ауылдың гүлденуіне үлес қосқан балалар көшені ... тазартты.



... гүлге қонды.



... – еңбек құралы.



**Шешеннің сөзі ортақ,
Шебердің ... ортақ.**



**Шешен жігіт сөз бастар,
Батыр жігіт ... бастар.**

Бақшаға саяхат



1

2

3

1 - тапсырма

Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.

Бөлменің ішінен ... иісі шығып тұр.

Көп нүктенің орнына тиісті омоним болатын сөзді қой.

“Бөлменің” сөзіне фонетикалық талдау жаса.



2 - тапсырма

1. Жүрегі ауырған адам жастықты биік қойып жатуы керек.
2. ... шақта, білім, өнерге ұмтылған жөн.
Көп нүктенің орнына тиісті омоним болатын сөзді қой.
Екінші сөйлемді сөйлем мүшесіне талда.



3 - тапсырма

1. Қалың шашы үйдің қараңғылығын қоюлап тұрғандай.
2. Алыстан бір қара көрінді.
Екінші сөйлемді сөйлем мүшесіне талда.



Венн диаграммасы

Көп мағыналы
сөздердің өзіне
тән белгілері:


1. Сөздің екі
я одан да көп
мағынаға ие
болуы.
2. Көп мағыналы
сөздер бір
негізден таралады
да, бір сөз табына
қатысты болады.

Ортақ қасиеттері:

1. Сөз
байлығын
көрсетеді
2. Біркелкі
дыбыс -
талады

Омонимдердің өзіне
тән белгілері:

1. Айтылуы бірдей,
мағыналары бөлек.
2. Әр сөз
табынан болады,
соған орай
атқаратын
қызметтері де
бөлек болады.



Үйге тапсырма

Омонимдер. “Менің жанұям”
тақырыбында шығарма жазу,
әңгіменің мазмұны бойынша сурет салу.

Сабақты бекіту

INSERT КАРТАСЫ

Не үйрендім?	Не білдім?	Негізгі білгім келеді?

Бағалау

Сау болыңыздар!



©KAGAYA

<http://www.hoshinavi.com/>